**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректерінің тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 239/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 қаңтарда № 16201 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 302/НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 13.11.2019 № 302/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ашық деректер интернет-порталында орналастырылатын ашық деректерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Стратегиялық жоспарлау департаменті бекітілген заңнамаға сәйкес:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электронды түрде, қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі* *Б. Атамқұлов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрі
__________________ Д. Абаев
27 желтоқсан 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2017 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 239/НҚ бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректерінің тізілімі

| № | Ашық деректер жинағының атауы | Өзектендіру кезеңі | Ұсыну мерзімі | Дереккөзі (АЖО ашық деректер интернет-порталы арқылы немесе мемлекеттік органдардың API жүйесі арқылы) | Жауапты бөлімше |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әдеп жөніндегі уәкілінің қызметі туралы ақпарат | Жыл сайын | 20 қаңтарға дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Адами ресурстарды басқару департаменті |
| 2. | Министрліктің сапалық және сандық құрамы | Жыл сайын | 20 қаңтарға дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Адами ресурстарды басқару департаменті |
| 3. | Министрлікте бар бос лауазымдар бойынша мәліметтер | Өзгерген кезде | Үш жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Адами ресурстарды басқару департаменті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Министрліктің құрылымы | Өзгерген кезде | Үш жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Адами ресурстарды басқару департаменті |
| 5. | Министрліктің мемлекеттік сатып алу жоспары | Ай сайын | 30-на дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Әкімшілік жұмыс департаменті |
| 6. | Министрліктің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер | Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілген немесе жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған кезде | Нормативтік құқықтық акті қолданысқа енгізілген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуші құрылымдық бөлімшелер |
| 7. | Министрлік көрсететін мемлекеттік қызметтер тізілімі | Өзгерген кезде | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Стратегиялық жоспарлау департаменті |
| 8. | Министрліктің Қоғамдық кеңесінің құрамы | Қажеттілігіне қарай | Құрамға өзгерістер енгізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Стратегиялық жоспарлау департаменті |
| 9. | Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырыстарын өткізу | Тоқсан сайын | Есепті тоқсанның соңғы айының 30 күнінен кешіктірмей | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Стратегиялық жоспарлау департаменті |
| 10. | Министрліктің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі | Жыл сайын | 20 қаңтардан кешіктірмей | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі аудит департаменті |
| 11. | Қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының тізбесі | Өзгерген кезде | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту департаменті |
| 12. | Әскери мақсаттағы өнімнің халықаралық көрмелері | Жыл сайын | 30 карашаға дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту департаменті |
| 13. | Министрліктің Ғылыми-техникалық кеңесінің құрамы мен ережесі | Өзгерген кезде | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ғылыми-технологиялық даму департаменті |
| 14. | Министрдің қатысуымен халықаралық іс-шаралар | Іс-шара өткізілуіне қарай | Өткізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Халықаралық ынтымақтастық департаменті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. | Министрліктің ынтымақтастық туралы меморандумдары | Жаңа меморандумдарға қол қою кезінде | Қол қойылған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ақпараттық қауіпсіздік комитеті |
| 16. | Электрондық өнеркәсіп өнімдерін шығаратын қазақстандық кәсіпорындар каталогы | Өзгерген кезде | Он жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Ақпараттық қауіпсіздік комитеті |
| 17. | Министрлік басшылығының жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды қабылдау кестесі | Тоқсан сайын | Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 20 күніне дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Құжат айналымы және бақылау департаменті |
| 18. | Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер саны бойынша мәліметтер | Тоқсан сайын | Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 20 күніне дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Құжат айналымы және бақылау департаменті |
| 19. | Мемлекеттік материалдық резервтен шет мемлекеттерге ресми ізгілік көмек көрсету | Мемлекеттік материалдық резервтен шет мемлекеттерге ресми ізгілік көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдау кезінде | Он жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |
| 20. | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік материалдық резервтерін басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдары басшылары консультативтік кеңесінің мүшелері | Консультативтік кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін | Он жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мемлекеттік |
| 21. | Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша ақпарат | Мобилизациялық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдау кезінде | Бір жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | материалдық резервтер комитеті |
| 22. | Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару бойынша ақпарат | Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдау кезінде | Бір жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |
| 23. | Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту кезінде | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |
| 24. | Қазақстан Республикасының ғарышкерлерінің тізімі | Өзгерген жағдайда | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 25. | Ғарыш қызметі саласындағы халықаралық шарттар | Жаңа шарттарға қол қою кезінде | Шарттарға қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 26. | Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы лицензиаттар тізімі | Өзгертілген кезде | Екі жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 27. | Ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алушылардың тізімі | Өзгертілген кезде | Екі жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 28. | Ғарыш қызметі саласындағы ұлттық стандарттар тізімі | Жыл сайын | 20 желтоқсанға дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 29. | Ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Жыл сайын | 20 желтоқсанға дейін | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Аэроғарыш комитеті |
| 30. | Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдары | Өзгерістер болған жағдайда | Бес жұмыс күні ішінде | Ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту департаменті, Аэроғарыш комитеті, Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК